

**«Қазына» бөбекжайы**



**«Бекітемін»  
«Қазына» бөбекжайы меңгерушісі  
Бөталиева Э.А.**

**«Қарлығаш» ортаңғы тобы  
Вариативтік компонент  
«Қол еңбегі перспективалық жұмыс  
жоспары**

**Тәрбиешілер: Кулбаева Д.**

**Тастанбекова Х.**

**2021-2022 оқу жылы**

**Вариативтік компонент**  
**«Қол еңбегі» оқу қызметінің – перспективалық жұмыс жоспары.**  
**«Қарлығаш» ортаңғы тобы. 2021 – 2022 оқу жылы.**

| <b>№</b> | <b>Тақырыбы</b>                      | <b>Бағдарламалық мазмұны</b>  | <b>Қолданылатын көрнекіліктер</b>                                | <b>Сағат Күні</b> |
|----------|--------------------------------------|---|--|-------------------|
| 1        | <b>Ұшақтар</b><br>бүктеу             | Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау.   | Ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар | 1<br>03.09        |
| 2        | <b>Аққулар</b><br>қол еңбегі         | Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.  | Аққудың суреті, картон қағаз, қайшы, желім, түрлі-түсті бояулар  | 1<br>10.09        |
| 3        | <b>Сиыр</b><br>сурет салу            | Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.   | Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз                    | 1<br>17.09        |
| 4        | <b>Паровоз</b><br>мүсіндеу           | Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру.   | Сюжетті суреттер, ермексаз                                       | 1<br>24.09        |
| 5        | <b>Әтеш пен бақа</b><br>жапсыру      | Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру. | Желім, қайшы, қағаздар, үлгілер, траферат                        | 1<br>08.10        |
| 6        | <b>Алтын балық</b><br>қол еңбегі     | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.  | Балық туралы үлкен суреттер, (тамақ үстінде, қыдырып жүрген)     | 1<br>15.10        |
| 7        | <b>Қайық</b> бүктеу                  | Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру   | Қағаз, қайықтың суреті   | 1<br>22.10        |
| 8        | <b>Қашқаргүл (астра)</b><br>мүсіндеу | Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.                                  | Қашқаргүлдің суреті, ермексаз                                    | 1<br>29.10        |

|    |   |   |   |            |
|----|---|---|---|------------|
| 9  | <b>Арыстан</b><br>жапсыру                               | Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.  | Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы         | 1<br>05.11 |
| 10 | <b>Аққала</b><br>қол еңбегі                             | Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.   | «Қазақстан табиғаты» тақырыптық суреттер                  | 1<br>12.11 |
| 11 | <b>Үйрек</b><br>мүсіндеу                                | Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.   | Тақырыптық суреттер                                       | 1<br>19.11 |
| 12 | <b>Түймедақ</b><br>бүктеу                               | Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.   | Тақырыптық суреттер                                       | 1<br>26.11 |
| 13 | <b>Қысқы киім .</b><br>қол<br>еңбегі                    | Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату             | Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім.   | 1<br>03.12 |
| 14 | <b>Тасбақаның суретін салып үйренеміз</b><br>сурет салу | Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.   | Тақырыптық суреттер                                       | 1<br>10.12 |
| 15 | <b>Досыма сыйлық</b><br>мүсіндеу                        | Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.                                 | Сюжетті сурет, ермексаз.                                  | 1<br>17.12 |
| 16 | <b>Қалампыр</b><br>қол еңбегі                           | Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.  | Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім. | 1<br>24.12 |
| 17 | <b>Тату жанұя</b><br>(мүсіндеу)                         | Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу. | Сюжетті суреттер  | 1<br>07.01 |
| 18 | <b>Қоңыраугүл</b><br>сурет                              | Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру.                 | Қоңыраугүл салынған суреттер                              | 1<br>14.01 |
| 19 | <b>Қояндар</b><br>бүктеу.                               | Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету.  | Қоянның суреті,<br>түрлі түсті қағаздар                   | 1<br>21.01 |
| 20 | <b>Молшылық, береке</b><br>түрлі материалдар            | Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.                     | «Күз» туралы суреттер                                     | 1<br>28.01 |

|    |  |  |                                      |            |
|----|--|--|--------------------------------------|------------|
| 21 | <b>Бақа</b><br>бүктеу                            | Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.  | Тақырыптық суреттер                  | 1<br>04.02 |
| 22 | <b>Қаздың</b><br><b>балапаны</b><br>қол еңбегі   | Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.   | Әңгіме желісі бойынша суреттер       | 1<br>11.02 |
| 23 | <b>Бақ - бақ</b><br>қол еңбегі                   | Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындату.  | Тақырыптық суреттер                  | 1<br>18.02 |
| 24 | <b>Балықтар.</b><br>мүсіндеу                     | Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.   | Сюжетті суреттер                     | 1<br>25.02 |
| 25 | <b>Анамызға</b><br><b>сыйлық</b><br>(қол еңбегі) | Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.  | Тақырыптық суреттер                  | 1<br>04.03 |
| 26 | <b>Гүлдер әлемі</b><br>сурет                     | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу   | Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз. | 1<br>11.03 |
| 27 | <b>Орманда</b><br>қол еңбегі                     | Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу. | Сюжетті суреттер                     | 1<br>18.03 |
| 28 | <b>Көлде жүзген</b><br><b>аққу</b><br>мүсіндеу   | Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.   | Тақырыптық суреттер                  | 1<br>25.03 |
| 29 | <b>Қайықша.</b><br>бүктеу                        | Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.   | Қайықшаның суреті                    | 1<br>08.04 |
| 30 | <b>Қонжық</b><br>(қол еңбегі)                    | Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту. | Қонжықтың суреті.                    | 1<br>15.04 |
| 31 | <b>«Алқаптағы</b><br><b>гүлдер»</b><br>жапсыру   | «Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.  | Алқаптағы гүлдердің суреттері        | 1<br>22.04 |

|                |   |   |                      |            |
|----------------|---|---|----------------------|------------|
| 32             | <b>Құстар</b><br>(сурет салу)           | Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. | Құстардың суреттері. | 1<br>29.04 |
| 33             | <b>Жаңбыр</b><br>(саусақпен сурет салу) | Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.   | Көрнекі суреттер     | 1<br>06.05 |
| 34             | <b>Шалғын шөптер</b><br>(жапсыру)       | Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.   | Сюжетті суреттер.    | 1<br>13.05 |
| 35             | <b>Жайлауда</b><br>(қол еңбегі)         | Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.  | Сюжетті суреттер.    | 1<br>20.05 |
| 36             | <b>Көрме ұйымдастыру</b>                | Ата-аналармен көрме ұйымдастыру   |                      | 1<br>27.05 |
| <b>Барлығы</b> |   |   |                      | <b>36</b>  |

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

Күні : 03.09.2021 ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Ұшақ

**Мақсаты:** Балаларға ұшақ туралы әңгімелей отырып, «Ұшақ» туралы тақпақ жаттату. Ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасауға үйрету.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, жұмбақ, түсіндіру, бекіту.

**Билингвалды компонент:** ұшақ-самолет

**Сөздік жұмыс:** ұшақ

**Көрнекіліктер:** ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар

| Іс-әрекет кезеңдері                | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті  |
|------------------------------------|--|--|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.  | Балалардың қызығушылығы оянады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Аспан түрді түндігін<br/>Жерге сәуле жайылды.<br/>Неткен ашық күн бүгін,<br/>Қайырлы таң, қайырлы!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p>Ақ сұңқар құсым келеді.<br/>Жолына бояу жағып келеді. (Ұшақ)</p> <p>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br/>- Балалар сендер ұшаққа отырып көрдіңдер ме?<br/>-Ұшақ қандай көлік түрлеріне</p> | <p>Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды.</p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p> |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>жатады?<br/> Балалар көлік бара алмайтын жерге ұшақ барады. Алыс айшылық жерлерге жылдам уақытта ұшақ ұшып барады.<br/> Балалар бүгін біз ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасаймыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Инелік-ау, инелік,<br/> Инелікке тимелік,<br/> Тік ұшақты жасадық,<br/> Инеліктен үйреніп.</p> <p>Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс-әрекетті қорыту:</b><br/> Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.</p>   | <p>Салған суреттеріне қызыға қарайды..</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жұмыстың орындалу ретін білу керек;

**Нені игерді:** композиция құра білуге дағдылану;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әзірлеуші: Т.Н.*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 10.09.2021 ж.

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Аққулар

**Мақсаты:** Балаларға «Аққу» құсымен таныстырып, тақпақтар жаттату. Аққудың бейнесін картон қағазға ұсақ қағаздардан желімдеу арқылы жасау.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

**Билингвалды компонент:** аққу-лебедь

**Сөздік жұмыс:** аққу.

**Көрнекіліктер:** Аққудың суреті.

| Іс-әрекет кезеңдері         | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті  |
|-----------------------------|---|--|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.   | Балалардың қызығушылығы оянады.  |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Аспан түрді түндігін<br/>Жерге сәуле жайылды.<br/>Неткен ашық күн бүгін,<br/>Қайырлы таң, қайырлы!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p>Садақша мойнын иілтіп,<br/>Көрген жанды сүйінтіп,<br/>Жүзгенде көлдің сәні өзі,<br/>Судағы құстың нәні өзі.<br/>Жердегі құстың серкесі;<br/>Көктегі құстың еркесі. (Аққу)</p> | <p>Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды.</p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау.</p> |

|                                 |   |  |
|---------------------------------|---|--|
|                                 | <p>-Қандай құстың түрлерін білесіңдер?<br/>-Аққу қандай құсқа жатады?<br/>-Аққу қайда мекендейді?</p> <p>Балалар аққу өте қасиетті құс.<br/>Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Аққуды атуға болмайды.</p> <p><b>Мақал:</b><br/>Аққуды атпа,<br/>Досыңды сатпа.</p> <p>Бүгін біз осы аққудың бейнесін өз қолымызбен еңбек етіп жасайық.<br/>Жасалу долымен түсіндіріп өтейін.<br/>-Картон қағазды алып аққудың бейнесін саламыз, сосын барып қиамыз. Ұсақ ақ қағазды жырту әдісін пайдаланып, аққудың қауырсынын жапсырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/>Бір екі, үш,<br/>Жинап алып күш.<br/>Біз ұшамыз кептерше<br/>Қолымыз жерге жеткенше.</p> <p>Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>Мақалды жатқа айту.</p> <p>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тындайды.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b> | <b>Оқу іс-әрекетті қорыту:</b><br>Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.  | Салған суреттеріне қызыға қарайды..  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жұмыстың орындалу ретін білу керек;

**Нені игерді:** композиция құра білуге дағдылану;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әрістер: Әсі*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 17.09.2021ж

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Қол еңбегі

Тақырыбы: Сиыр

Мақсаты: Балаларға сиыр және оның адам өміріндегі пайдасы туралы әңгімелеп,

тақпақ жаттату. Сиырдың суретін қарап салу. Балаларды көргенін өз беттерімен

суреттеуге үйрету.

Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, бекіту.

Билингвальды компонент: сиыр – корова, тері – шкура, сүт – молоко, қаймақ - сметана

Сөздік жұмыс: Төрт түлік мал, ірі – қара мал.

Қолданатын көрнекі құралдар: Сиырдың суреті, түрлі – түсті бояулар мен ақ қағаз.

| Іс-әрекет кезеңдері:     | Педагогтің іс-әрекеті:  | Балалардың іс-әрекеті.   |
|--------------------------|---|--|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балалардың назарын тақтадағы суретке аудару.  |  |
| Ұйымдастырушылық кезеңі  | <p><b>Шаттық шеңбері</b></p> <p>Арайлап таң атты<br/>Алтын сәуле таратты.<br/>Қайырлы таң!<br/>Қайырлы күн!<br/>Күліп шықты күн бүгін.</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p>Балаларға төрт түлік малдың өзіне тән ерекшеліктерін айтады. Соның ішінде ірі қара малдың бірі сиырды таныстырады. Сиыр өте момын және адамдарға пайдасы өте көп. Сиырдың сүтін ішеміз, етін жейміз, қаймағы мен майын жейміз. Терісінен былғары аяқ киімде, қыстық жылы киімдер тігіледі. Балалар жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. Мұқият</p> | <p>Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды.</p> <p>Балалар жауап береді.</p> <p>Балалар назар аударып тыңдайды.</p> |

|                                 |  |   |
|---------------------------------|--|---|
|                                 | <p>тындандар!</p> <p>1. Ақ қағазға сиырдың бейнесін жай қарындашпен саламыз.</p> <p>2. Салған суретті акварель бояумен баяймыз.</p> <p>3. Жұмысты таза орындап, аяқтаймыз.</p> <p>4. Жұмыс орнын жинаймыз.</p> <p>Ал балалар сендерге сәттілік тілеймін!</p> <p>Сиырдың бейнесін тақтадағы суретке қарап ақ қағазға бейнесін саламыз.</p> <p style="text-align: center;"><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Орнымыздан тұрайық,<br/>Қолды белге қояйық.<br/>Бір отырып,<br/>Бір тұрып.<br/>Сәл тынығып алайық.</p> | <p>Балалар қызығып орындайды.</p> <p>Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды</p> |
| <b>Рефлексиялық түзетушілік</b> | <p>Балалар салған суреттерін көрмеге іледі. Балалардан сиырдың қасиетін сұрайды.</p> <p>Сиырдың пайдасын сұрайды.</p>  | <p>Балалар жауап береді.</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Төрт түлік малдың атауларын!

**Нені игерді:** Сиырдың суретін салуды.

**Нені біледі:** Ұқыпты таза сурет салуды.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 24.09.2021ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Паравоз.

**Мақсаты:** Паравоз туралы өлең оқып беру. Балалардың тіл байлықтарын молайту. Паравоздың суретін ермексаздан мүсіндеу. .

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

**Билингвалды компонент:** паравоз-паравоз

**Сөздік жұмыс:** паравоз.

**Көрнекіліктер:** Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

| Іс-әрекет кезеңдері                | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті  |
|------------------------------------|---|--|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.   | Балалардың қызығушылығы оянады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b><br/>                     Күндей жылы,<br/>                     Алмадай тәтті,<br/>                     Доптай көңілді,<br/>                     Жүзіктей әдемі бол!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b><br/>                     Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>                     Ай аттарын сұрау.<br/>                     Апта күндерін атау.<br/>                     Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Кіріспе әңгіме</b></p> <p><b>Жұмбақ:</b><br/>                     Күндіз-түні күрсінеді,<br/>                     Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз)</p> <p>Адамдар алыс сапарларға жол көліктерімен, яғни автобустармен, әуе көлігі – ұшақпен, темір жол көлігі – пойызбен, су көлігі – кемемен жол жүреді. Балалар сендер алыс жолдарға шыққан кезде қандай</p> | <p>Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері.</p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау.</p> |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>көлік түрлерімен барғанды ұнатасындар.<br/> Бүгін біз ермексаздан паравоздың бейнесін мүсіндейміз.<br/> Жұмыстың орындалу барысын түсінідіріп өтейін.<br/> -Түрлі түсті ермексаздан тіктөртбұрыш жасап алып, паравоздың бейнесін мүсіндейміз.<br/> -Ақ ермексаздан паравоздың терезесін мүсіндейміз. .</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/> Бір екі, үш,<br/> Жинап алып күш.<br/> Біз ұшамыз кептерше<br/> Қолымыз жерге жеткенше.</p> <p>Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс-әрекетті қорыту:</b><br/> Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.</p>   | <p>Салған суреттеріне қызыға қарайды..</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жұмыстың орындалу ретін білу керек;

**Нені игерді:** композиция құра білуге дағдылану;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әдістер: ЖМ*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

Күні: 08.10.2021

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Қол еңбегі

Тақырыбы: Әтеш пен Бақа

Мақсаты: Балаларға қазақ ертегілерін оқып беру. Сол ертегілер арқылы батыр, шыншыл, ел қамын ойлайтын ақылды болып өсуге талаптандыру.

Әдіс – тәсілдер: Ертегі оқу, түсіндіру, сұрақ – жауап, бекіту.

Сөздік жұмыс: Айдары

Билингвальды компонент: әтеш – петух, бақа – лягушка, айдары – гребешок .

Қолданатын көрнекі құралдар: Әтеш пен бақаның суреттері, түрлі – түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, орамал.

| Іс-әрекет кезеңдері:     | Педагогтің іс-әрекеті:  | Балалардың іс-әрекеті.   |
|--------------------------|---|--|
| Мотивациялық қозғаушылық | Алдын – ала әтеш пен Бақаның суретімен жұмыс жүргізу.   | Балалардың зейіні оянады.  |
| Ұйымдастырушылық кезеңі  | <p><b>Шаттық шеңбер</b></p> <p>Аспан түрді түндігін,<br/>Жерге сәуле жайылды.<br/>Неткен ашық күн бүгін<br/>Қайырлы таң, қайырлы!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p>Қызылдан киген киім, басқа қалпақ<br/>Саусағы төртеу болған емес жалпақ.<br/>Үстіне неше түрлі тон жамылып,<br/>Басады мас адамша талтаң – талтаң.</p> <p>(Әтеш)</p> <p>Балаларға әтеш пен Бақа туралы ертегі оқып беру.<br/>Ертегідегі батырлық, шыншылдық, ақылдылық туралы балаларға түсіндірді.<br/>Әтеш үй құстарына жатады.</p> | <p>Балалар іс – қимылдармен орындайды.</p> <p>Балалар жауап береді.</p> <p>Шешуін табады.</p> <p>Ертегіні мұқият</p> |

|                                     |   |   |
|-------------------------------------|---|---|
|                                     | <p>Түсі әр – түрлі болады.<br/>         Әтештің тауықтан<br/>         айырмашылығы маңдайында<br/>         қызыл айдары бар.<br/>         Бақаның түсі жасыл, көзі үлкен,<br/>         ол сулы аймақтарда өмір сүреді.<br/>         Осы ертегідегі әтеш пен бақаның<br/>         бейнесін қағаз бетіне<br/>         жапсырайық.<br/>         Мен сендерге үлгі ретінде жасалу<br/>         жолын көрсетіп, жапсыру<br/>         жұмысын тиянақты орындау<br/>         керек. Балаларға жабыстыру<br/>         жолын көрсетеді.</p> <p style="text-align: center;"><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Дөңгелене тұрамыз<br/>         Керегені құрамыз.<br/>         Уықтар болып иіліп,<br/>         Шаңыраққа киіліп,<br/>         Достық үйін құрамыз.</p> | <p>отырып<br/>         тыңдайды.</p> <p>Балалар<br/>         қимыл іс –<br/>         әрекеттермен<br/>         орындайды.</p> |
| <b>Рефлексиялық<br/>түзетушілік</b> | <p>Дайын болған жұмыстарды<br/>         талдау, және кішігірім көрме<br/>         ұйымдастыру, қорытындылау.</p>  | <p>Жасаған<br/>         жұмыстарын<br/>         көрмеге іледі.</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Әтеш пен Бақа жайлы ертегіні

**Нені игерді:** Әтеш пен Бақаның түр – түсін игерді.

**Нені біледі:** Айқын түстермен Әтеш пен Бақаның суретін салуды.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 15.10.2021 ж.

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Алтын балық

**Мақсаты:** Балаларды ертегі оқып беріп, түсінгендерін әңгімелету. Тіл байлықтарын жетілдіру. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Әшекейлік арқылы көркемдік тәрбие беру.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

**Билингвалды компонент:** Алтын балық-золотая рыба

**Сөздік жұмыс:** жарлы.

**Көрнекіліктер:** Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

| Іс-әрекет кезеңдері         | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті   |
|-----------------------------|--|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.  | Балалардың қызығушылығы оянады.   |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <p><b>Шаттық шеңбері:</b><br/>                     Күндей жылы,<br/>                     Алмадай тәтті,<br/>                     Доптай көңілді,<br/>                     Жүзіктей әдемі бол!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b><br/>                     Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>                     Ай аттарын сұрау.<br/>                     Апта күндерін атау.<br/>                     Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Кіріспе әңгіме</b></p> <p>Балалар мен сендерге алдымен «Алтын балық» ертегісін оқып берейін. Мұқият тыңдаңдар.</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br/>                     -Шал қайда барды?<br/>                     -Өзенге не үшін барды?<br/>                     -Шалдың қармағына не ілінді?</p> | <p>Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері.</p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.</p> |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>-Балық шалдың қандай арманын орындады?<br/> Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін.<br/> Бүгін біз алтын балықтың бейнесін картонға салып алып, оны қиып аламыз. Дайын болған балықтың желбезегін түрлі түсті моншақтармен безендіреміз.<br/> Жұмысты бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/> Бір екі, үш,<br/> Жинап алып күш.<br/> Біз ұшамыз кептерше<br/> Қолымыз жерге жеткенше.</p> <p>Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс-әрекетті қорыту:</b><br/> Балалардың жасаған жұмыстарын талдау. Жақсы жасалған жұмыстардан кішігірім көрме ұйымдастырады.</p>  | <p>Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** «Алтын балық» ертегісін;

**Нені игерді:** әртүрлі моншақтан балықтың желбезегін безендіруді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әзіскер: АТ*

**Ұйымдастырылған оқу қызметі технологиялық картасы**

**Күні:** 29.10.2021

**Білім беру саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Қашқаргүл

**Мақсаты:** Қашқаргүл туралы тақпақ оқып жаттату. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін жетілдіру.

**Әдіс – тәсілдер:** Тақпақ жаттату, түсіндіру, орындату, бекіту.

**Сөздік жұмыс:** Қашқаргүл

**Билингвальды компонент:** қашқаргүл – астра, гүл – цветы, бақша гүлі – садовые цветы

**Қолданатын көрнекі құралдар:** қашқаргүлдің суреті, ермексаз, тақтайша, орамал.

| <b>Іс-әрекет кезеңдері:</b>     | <b>Педагогтің іс-әрекеті:</b>   | <b>Балалардың іс-әрекеті.</b>   |
|---------------------------------|---|---|
| <b>Мотивациялық қозғаушылық</b> | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы әңгімелесу.   | Балалардың қызығқышылығы болады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық кезеңі</b>  | <p style="text-align: center;"><b>Шаттық шеңбер</b></p> <p>Кел балалар күлейік,<br/>Күлкіменен түлейік.<br/>Қабак түйген не керек,<br/>Көңілді болып жүрейік.</p> <p style="text-align: center;"><b>Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p>Мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.</p> <p><b>Жұмбақ</b><br/>Өз қандай нәзік,<br/>Су құйсаң кетеді.<br/>Алақанын жазып.</p> <p style="text-align: right;">(Гүл)</p> <p>Гүлдер нәзік әдемі алуан түрлі болады.<br/>Сонымен қатар жер бетіне көрік беріп тұрады. Гүлдер нәзік болғандықтан оны үзіп алғаннан кейін, өте ұзақ тұрмайды.</p> | <p>Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.</p> <p>Балалардың жауабы.</p> <p>Жұмбақтың шешуін табады, есте сақтайды.</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>-Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер?<br/>         -Гүлдер адамдарға не сыйлайды?<br/>         -Гүлді кімдерге сыйлауға болады?<br/>         -Гүлдер қайда өседі?<br/>         -Мысалы далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз,қырда өсетін гүлді қыр гүлі дейміз,бақта өсетін гүлді бақша гүлі дейміз.Соның ішінде бақша гүлінің бірі қашқаргүлмен танысамыз.<br/>         Тәрбиеші балаларға қашқаргүлдің суретін көрсетіп, таныстырады.<br/>         -Ал,балалар қашқаргүлмен таныстық,енді осы гүлді ермексаздың көмегімен мүсіндейік.<br/>         Тәрбиеші балаларға бағыт-бағдар беріп,ермексазбен қашқаргүлдің жасалу жолдарын көрсетеді.</p> | <p>Сұрақтарға толық жауап береді.</p> <p>Балалар суретке назар аударады, қашқаргүлмен танысады.</p> <p>Балалар тәрбиешінің көмегімен қашқаргүлді мүсіндейді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық түзетушілік</b></p> | <p>Орындаған жұмыстарын қарап, талдау жасайды.<br/>         Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, балалар өздері жасаған қашқаргүлдің жақсы жасалғанын, дұрыс орындалғанын атап өтеді.<br/>         Балаларды мақтап, мадақтап жұлдызша сыйлайды.</p>  | <p>Өздері жіберген кемшіліктерін өздері анықтайды.</p>   |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Қашқаргүлдің бақша гүлі екендігін және түрлерін.

**Нені игерді:** Ермексаздың көмегімен қашқаргүлді мүсіндеуді.

**Нені біледі:** Жасаған жұмыстарын көрсете білуді.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 05.11.2021

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Арыстан

**Мақсаты:** Балаларға арыстан туралы ертегі әңгімелеп беру, арыстанның жабайы аң екенін ұғындыру. Ертегінің мазмұнын білуге үйрету. Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін жапсыру арқылы бейнелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

**Билингвалды компонент:** арыстан-лев

**Сөздік жұмыс:** патшасы

**Көрнекіліктер:** Арыстанның суреті, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім.

| Іс-әрекет кезеңдері                | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті  |
|------------------------------------|--|--|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін, сендер мұқият тыңдаңдар.   | Балалардың қызығушылығы оянады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Күндей жылы,<br/>Алмадай тәтті,<br/>Доптай көңілді,<br/>Жүзіктей әдемі бол!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Кіріспе әңгіме</b></p> <p>-Қандай жабайы аңдарды білесіңдер?<br/>-Аңдар қайда мекен етеді?<br/>-Аң патшасын айтыңдаршы.<br/>-Түлкі қандай аң?<br/>-Қоян ше?<br/>Дұрыс айтасыңдар, аңның патшасы арыстан.</p> | <p>Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері.</p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>Үлгіге қарап, арыстанның бейнесін қалай жапсыру керектігіне назар аударындар.</p> <p>Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтемін, сендер мұқият тыңдаңдар.</p> <p>- Алдымен қоңыр түсті қағаз аламыз.</p> <p>- Арыстанның басын қиып аламыз. Басының пішіні домалақ.</p> <p>- Денесі сопақша.</p> <p>- Құйрығы ұзын келеді.</p> <p>- Аяқтарын қиып аламыз.</p> <p>Осы қиындыларды енді ақ қағазға жапсырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/> Ормандағы аюдың,<br/> Құлпынайы көп екен.<br/> Теріп-теріп алайық,<br/> Қалтамызға салайық.</p> <p>Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс-әрекетті қорыту:</b><br/> Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, қортындылауына мүмкіндік беру.</p>   | <p>Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** «Арыстан мен түлкі» ертегісінің мағынасын;

**Нені игерді:** жұмыстың орындалу барысын;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әдіскер: Т.Т.*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 12.11.2021ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Қол еңбегі

Тақырыбы: Аққала

Мақсаты: екі еселеп бүктелген шаршылардан дөңгелектер қию тәсілін жетілдіру; әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден құұала бейнесін құрастыруды үйрету; қолдарының икемділіктерін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, жапсыру, бекіту.

Билингвалды компонент: аққала-снеговик

Сөздік жұмыс: аққала, таяқ, сыпырғыш.

Көрнекіліктер: аққала бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаздар, қайшы желім, қолорамал.

| Іс-әрекет кезеңдері         | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті   |
|-----------------------------|--|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | Алдын ала балаларға жұмбақ жасырып, жұмбақтың дұрыс шешуінен кейін аққаланың суретімен жұмыс жасату.   | Қызығушылықтары артады.   |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <p><b>Шаттық шеңбері:</b><br/>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.<br/>Сурет бойынша жұмыс:<br/>Өте дұрыс. Балалар ауладан қардан домалатып, Аққаланы барлығы бірігіп, бір-біріне көмектесіп жатыр.</p> <p>Аққала жасағанда қардан домалатып әртүрлі көлемде үш домалақ жасап алып, оларды бір-бірінің үстіне үлкенінен бастап орналастырып қойып алады.<br/>Сосын басына шелек кигізіп, бет-әлпетін жасайды. Қолдарын жасап, қолына таяқ немесе сыпырғыш іледі.</p> <p>Бүгін біз осы Аққаланы қағаздан қиып, жапсырып жасаймыз.<br/>Мен сендерге үлгі ретінде жұмысты орындап көрсетемін, мұқият тыңдаңдар.<br/>Тіктөртбұрыш пішінді дайындаманы көгілдір түсті</p> | <p>Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br/>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.</p> <p>Зейін салып тыңдайды.</p> |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>қағаздан қиып аламыз.</p> <p>Оны екі еселеп бүктеп, жай қарындашпен шеңбердің ширек бөлігін сызамыз.</p> <p>Контур сызық бойымен дөңгелектерді қиып аламыз.</p> <p>Түрлі түсті қағазға Аққаланың қалған бөлшектерін (қолы, шелегі, сыпырғышы, сәбіз-мұрны) сызып, сызық бойымен қиып аламыз.</p> <p>Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз.</p> <p>Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру.</p> <p>Аққаланың көзі мен аузын қара фломастермен сызып аламыз.</p> <p><b>Серіту сәті:</b><br/> Қыздырайық денені,<br/> Кел, балалар, кел бері.<br/> Қыздырайық денені<br/> Орнымыздан тұрып-ақ.<br/> Балалар істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс – әрекетін қорыту:</b><br/> Жұмыстың орындалу сапасына назар аудару. Жақсы жасалған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балалар жұмыстарын бағалау, мадақтау.</p>  | <p>Жасаған жұмыстарына қызыға қарайды.</p>                          |

**Күтілетін нәтиже**

**Нені білу керек:** Аққала туралы тақпақтар, жұмбақтар жатқа біледі;

**Нені игерді:** әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққала бейнесін құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете алады.

*Әзіскер: Лұқ*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 28.11.2021 он .

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Түймедағы

**Мақсаты:** Балаларға «түймедақ» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, жапсыру, бекіту.

**Билингвалды компонент:** түймедағы-ромашка

**Сөздік жұмыс:** түймедақ

**Қолданылатын көрнекілік:** түймедақ гүлі, дайын жұмыстың үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қолорамал.

| Іс- әрекет<br>Кезеңдері                 | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың<br>іс-әрекеті   |
|---|---|--|
| <b>Мотивациялық-<br/>қозғаушылық</b>    | Қазақстанда өсетін гүлдер туралы әңгімелесу.  | Балалардың зейіні артады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-<br/>ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңберін құру.</b></p> <p>Табиғатқа қамқор боп,<br/>Байлығынбіз қорғайық.<br/>Әдепті де, тәртіпті боп,<br/>Жақсылығын қолдайық.</p> <p><b>Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу.</b><br/>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Кіріспе әңгіме</b></p> <p>Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі.<br/>- Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды?<br/>-Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп.</p> | <p>Балалар дөңгелене тұрып өлең жолдарын қайталайды.</p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Гүлдер туралы әңгімелейді.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық.</p> <p>Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап бүктеу.</p> <p>Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу.</p> <p>Бөлшектерді белгі бойымен қию.</p> <p>Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау.</p> <p>Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру.</p> <p>Негізгі қағаз бетіне бөлшектерді үйлестіріп орналастыру.</p> <p>Барлық бөлшектерді ретімен жапсыру.</p> <p>Жұмыстың орындалуын, әр баланың өз міндетін дұрыс атқаруын қадағалау.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/> Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз,<br/> Кейде оны жұлуға да қимаймыз.<br/> Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,<br/> Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.</p> | <p>Жұмыстың орындалу ретімен танысады.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс-әрекетін қортындылау.</b><br/> Дайын жұмысты бөлме қабырғасына іліп қоюға немесе сыйлауға болады.</p>   | <p>Балалар жасаған жұмыстарын керегеге іліп қояды.</p>                |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** көлемді түймедақ гүлін жасау тәсілімен танысты.

**Нені игерді:** бүктеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру.

**Нені біледі:** гүлдер туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 10.12.2021 ж.

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Тасбақаның суретін салып үйренеміз

**Мақсаты:** «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, бекіту.

**Билингвалды компонент:** тасбақа-черепаша

**Сөздік жұмыс:** тасбақа.

**Көрнекіліктер:** тасбақа бейнеленген суреттер.

| Іс- әрекет кезеңдері               | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті  |
|------------------------------------|--|--|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру.   | Балалардың қызығушылықтары оянады.   |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b><br/>- Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:</b><br/>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Кіріспе әңгіме</b><br/>Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.</p> <p>Жұмбақ жасыру:<br/>Аяғы бар басы бар,<br/>Арқалаған тасы бар. (Тасбақа)</p> <p>-Тасбақа қайда өмір сүреді?<br/>-Не үшін тасбақа дейміз?<br/>Жарайсындар балалар. Тасбақа өте баяу жүреді және ол құрғақ, шөлді, сонымен қатар суда да мекендейді.<br/>Өзін қорғайтын кезде аяқ – қолын,</p> | <p>-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін.</p> <p>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау.</p> <p>Тасбақаның суретін салуға кіріседі.</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>басын жинап, бұғына қалады.<br/> - Демек, балалар тасбақаның суретін саламыз.<br/> Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстыру.<br/> - Қоңыр немесе сұр түстерді қолданамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Бақа, бақа балпақ,<br/> Басың неге жалпақ.<br/> Бұтың неге талтақ,<br/> Көзің неге тостақ,<br/> Темір телпек көп киіп<br/> Басым содан жалпақ.<br/> Су ішінде көп жүзіп,<br/> Бұтым содан талтақ.<br/> Көрінгенге көп қарап<br/> Көзім содан тостақ.</p> | <p>Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.</p>          |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс – әрекетін қорытындылау:</b><br/> Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.</p>   | <p>Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.</p> |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып тасбақаның бейнесін жасай алады;

**Нені игерді:** тасбақаның бейнесін ұқсатып жасауға дағдыланды;

**Нені біледі:** тасбақа туралы өлең – тақпақтарды жатқа біледі.

*Әдіскер: Jhs*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 17.12.2021 он

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Досыма сыйлық

**Мақсаты:** Балаларға «Достық» туралы әңгіме оқып, сұрақ-жауап арқылы білгендерін жетілдіру. Достық туралы мақал-мәтел жаттау. Мүсіндеу барысында шағын көлемді, кесек есу әдіс-тәсілдерін көрсету.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, бекіту.

**Билингвалды компонент:** сыйлық-подарок

**Сөздік жұмыс:** сыйлық

**Көрнекіліктер:** сыйлықтың суреттері, ермексаз, тақтайша, орамал.

| Іс- әрекет кезеңдері        | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті   |
|-----------------------------|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | «Достық» жайында мақал-мәтелдер жарысын өткізу.   | Балалардың қызығушылықтары оянады.  |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <p><b>Шаттық шеңбері:</b><br/>                     - Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.<br/>                     Кел балалар ортаға!<br/>                     Қайырлы таң достарым!<br/>                     Достарымды көргенде!<br/>                     Қуана қарсы аламын!<br/>                     Қолымыздан ұстасып,<br/>                     Жылулықты алайық.</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:</b><br/><br/>                     Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>                     Ай аттарын сұрау.<br/>                     Апта күндерін атау.<br/>                     Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Кіріспе әңгіме</b></p> <p><b>Мақал-мәтелдер:</b><br/>                     Досы көпті жау алмайды,<br/>                     Ақылы көпті дау алмайды.</p> | <p>-Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін.</p> <p>Мақалды жатқа айтқызу.</p> |

|                                 |   |  |
|---------------------------------|---|--|
|                                 | Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын.  |  |
|                                 | <p>Дос жылатып айтады,<br/>Дұшпан күлдіріп айтады.</p> <p>-Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?<br/>-Балалар жан дос дегенді қалай түсінесіңдер?<br/>-Балалар сендердің достарың бар ма?<br/>-Достарыңа қандай сыйлық жасағанды ұнатасыңдар?<br/>Онда өздеріңе ұнаған сыйлықты ермексаздан мүсіндеп жасап, достарыңа сыйлаңдар.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Достарды біз қолдаймыз,<br/>Қиын шақта қорғаймыз,<br/>Біздің топта ұл-қыздар,<br/>Тату-тәтті ойнаймыз.</p> | <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Балалар өздеріне ұнаған сыйлықтарды ермексаздан мүсіндеп жасайды.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b> | <b>Оқу іс – әрекетін қорытындылау:</b><br>Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.   | Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** «Достық» туралы мақал-мәтелдерді;

**Нені игерді:** ермексазбен әр түрлі сыйлықтарды жасауды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әдіскер: А.И.*



|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>жануарлар түрлерін білесіңдер?<br/>         - Аңдар қайда мекен етеді?<br/>         - Қоян туралы кім тақпақ біледі?<br/>         - Қоянның төлінің атауы қандай?<br/>         Демек балалар ақ және сұр түсті қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қоянды жасаймыз.<br/>         Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.<br/> <b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Тұра, тұра суықта,<br/>         Қоян жаурап торықты.<br/>         Алайын деп жылынып,<br/>         Әрлі-берлі жорытты.<br/>         Секең-секең, секең-секең,<br/>         Секіріп жылынатын қоян екен,<br/>         Үркітті де бір ноян,<br/>         Зытып берді бір қоян.</p> <p>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.</p> | <p>Балалар қоян туралы тақпақтар айтады.</p> <p>Жұмыстың орындалу барысымен танысады.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс – әрекетін қорытындылау:</b><br/>         Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.</p>   | <p>Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.</p>   |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** қоян туралы тақпақ, жұмбақтар;

**Нені игерді:** ермексаздан қоянды мүсіндеуді;

**Нені біледі:** жұмыстың орындалу барысын.

*Әзіскер: Т.И.*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 04.02.2022ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Бақа

**Мақсаты:** Бақа туралы тақпақтар жаттау және ертегі оқып беру. Бақаның түрлерімен таныстыру. Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, бекіту.

**Билингвалды компонент:** бақа-лягушка

**Сөздік жұмыс:** бақа

**Көрнекіліктер:** Бақаның суреті, түрлі қағаздар.

| Іс- әрекет кезендері               | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті  |
|------------------------------------|---|--|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | «Әтеш пен Бақа» туралы ертегі оқып беру.  | Балалардың қызығушылықтары оянады.   |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b><br/>Отырған аппақ бір қоян,<br/>Неткен сапсақ бұл қоян.<br/>Құлақтары делеңде,<br/>Әр дыбысқа елеңдеп.<br/>Қоян жаурап суықта,<br/>Отырсың не күзетіп,<br/>Аяқтарың сіресіп,<br/>Табаныңнан сыз өтіп</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p>Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.</p> <p><b>Жұмбақ:</b><br/>Таңдайлары тақылдап,<br/>Шулайтын кім шалшықта.<br/>Бірін-бірі мақұлдап. (Бақа)</p> <p>-Бақа туралы кім тақпақ біледі?<br/>- Бақаның қандай түрлерін</p> | <p>Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау.</p> |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  | <p>білесіңдер?<br/>         - Бақа қайда мекен етеді?<br/>         -Бақаның түсі қандай?<br/>         -Пішіні қандай?</p> <p>Бүктеу әдіс-тәсілі арқылы жасыл қағаздан бақаны жасаймыз.<br/>         Үшбұрыш пішінге келтіріп бүктеп алыңдар. Басы, көзін домалақ пішінге келтіріңдер. і<br/>         Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/>         Бақа, бақа, балпақ<br/>         Басың неге жалпақ.<br/>         Темір телпеккөп киіп,<br/>         Басым содан жалпақ.<br/>         Бақа, бақа, балпақ<br/>         Көзің неге тостақ,<br/>         Көрінгенге көп қарап,<br/>         Көзім содан тостақ.<br/>         Бақа, бақа балпақ,<br/>         Бұтың неге талтақ,<br/>         Су ішінде көп жүзіп<br/>         Бұтым содан талтақ.<br/>         Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.</p> | <p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p> <p>Жұмыстың орындалу барысымен танысады.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс – әрекетін қорытындылау:</b><br/>         Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау.</p>  | <p>Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.</p>   |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** бақа туралы тақпақ, жұмбақтар;

**Нені игерді:** бүктеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бақаны жасауды;

**Нені біледі:** жұмыстың орындалу барысын.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 11.02.2022 ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Қаздың балапаны

**Мақсаты:** 1. Үй құстары туралы өлеңдер жаттау.  
2. Қаздың балапаны туралы әңгіме айту.  
3. Балаларды ине-жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, бекіту.

**Билингвалды компонент:** қаз-гусь, балапан-цыпленок

**Сөздік жұмыс:** қаздың балапаны

**Көрнекіліктер:** әңгіме желісі туралы сурет.

| Іс- әрекет кезеңдері        | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті   |
|-----------------------------|--|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | Алдын ала сурет арқылы жұмыс жүргізу.  | Балалардың зейіні оянады.   |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <p><b>1.Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Біздің топта үд қыздар,<br/>Тату тәтті ойнаймыз.<br/>Әлемдегі бар балаға,<br/>Тек жақсылық тілейміз.</p> <p><b>1.Кіріспе әңгіме</b></p> <p>Үй құстарына тауық, үйрек, қаз, күркетауық жатады. Олардың адам баласына тигізер пайдасы мол. Мамығынан көрпе, жастық жасайды, етін, жұмыртқасын азық-түлік ретінде пайдаланамыз. Құстардың балапандары әр түрлі болады.</p> <p><b>2. Сұрақтар мен тапсырмалар:</b></p> <p>3. Үй құстарын ата.<br/>4. Мына құстардың суретінен үй құстарын табыңдар.</p> <p>Қолдарыңдағы ақ түсті матадан қаздың балапанын өлшейміз, сосын қайшымен ұқыптап қиып</p> | <p>Өлең жолдарымен қимыл әрекет жасайды.</p> <p>Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды, сұрақтар қояды. Үй құстары туралы әңгімелейді.</p> <p>Тапсырмаларды орныдайды.</p> <p>Жұмыстың орындалу ретін</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>аламыз да оны ине-жіппен тігеміз.<br/> Инемен жұмыс жасағанда өте мұқият болыңдар. Ине бір жерлеріңе кіріп кетуі мүмкін.<br/> Алдымен үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Сырға, сырға сырғалар,<br/> Құлағыңда ырғалар<br/> Оң қолымда білезік<br/> Сол қолымда білезік<br/> Қолға қалам аламын.<br/> Әдемі сурет саламын.</p> <p>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.</p> | <p>мұқият тыңдайды.</p> <p>Сергіту сәтін қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p>Жасалған жұмыстарға тәрбиеші балаларды қатыстырып, талдау жұмысын жүргізеді.</p>  | <p>Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.</p>         |

**Күтілетін нәтиже:** үй құстарының пайдасы туралы түсініктерін жетілдіру;  
**Нені білу керек:** қаздың балапан  
**Нені игерді:** бүктеу әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қаздың балапанын жасауды;  
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әдіскер: А.И.*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Күні :** 25.02.2021ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Балықтар

**Мақсаты:** кесек ермексаздан созу арқылы мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; Әртүрлі әдіс-тәсілдермен балықтың сыртын безендіру; мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; бейненің сипатын аша білуге бағыт беру; ұқыпты жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру.

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

**Билингвалды компонент:** балық-рыба

**Сөздік жұмыс:** сазан, бекіре, кит, дельфин, ақула.

**Керекті құралдар мен материалдар:** Аквариумдағы балықтар, әртүрлі балықтардың суреттері, ермексаз, тақтайша, таяқша, қолорамал т.б.

| Іс- әрекет кезеңдері               | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті   |
|------------------------------------|---|---|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Сюжеттік суреттер, үлестірмелі материалдармен жұмыс жасату.   | Балалардың қызығушылықтары оянады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b><br/>                     Күндей жылы<br/>                     Доптай көңілді<br/>                     Жүзіктей әдемі<br/>                     Алмадай тәтті бол!<br/>                     Жыл мезгілдеріне тоқталып өту.<br/>                     Ай аттарын сұрау.<br/>                     Апта күндерін атау.<br/>                     Ауа райына бақылау.<br/>                     Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br/>                     - Балықтар қайда өмір сүреді?<br/>                     - Олар су түбінде немен қоректенеді?<br/>                     - Балықтың қандай түрлерін білесіңдер?<br/>                     Балалар барлығың келіңдерші аквариумдағы балықтардың қасына. Енді дене құрылысындағы ерекшеліктерге назар аударайық.<br/>                     Сендер балықтың қандай түрін мүсіндегілерің келеді?<br/>                     Мен сендерге жұмыстың орындалу ретін түсіндіріп өтемін,</p> | <p>Сәлемдеседі.</p> <p>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді?</p> <p>Білетін балық түрлерін айтады.</p> <p>Балалар балықтың қандай түрін</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>мұқият тыңдаңдар.<br/> . Созу тәсілімен балықтың жүзбеқанаттары мен құйрығын қалай шығарып алуға болатынын айту.</p> <p>Көк түсті ермексаз кесегін жұмсартып аламыз.</p> <p>Ермексазды домалақтап алып, аздап жаншып, жалпайтамыз.</p> <p>Созу тәсілін пайдаланып, жіңішке ширатпалар мен домалақтар жасап аламыз.</p> <p>Балықтың дене бөлігін шиыртпалар және домалақтармен әшекейлейміз.</p> <p>Көздерін мүсіндеп алып, бас бөлігіне бекітеміз.</p> <p>Таяқшаның көмегімен аузын белгілейміз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/> Көлдің беті кілегей,<br/> Жер сап-сары бірегей.<br/> Тырау-тырау тырналар<br/> Түстікке бетті бұрды олар.<br/> Қара суық жел есті,<br/> Күннің көзі көмескі.</p> <p>Ал, енді әдемі балықтарды мүсіндейміз.<br/> Істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>мүсіндегісі келетінін өздері анықтайды.</p> <p>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.</p> <p>Өлең жолдарын пайдаланып, сергіту жаттығуын орындайды.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p>Қорытындылау:<br/> Балалардың жасаған жұмыстарын бірге талқылау және шағын көрме ұйымдастыру.</p>   | <p>Бірге талқылайды, шағын көрме ұйымдастырады..</p>   |

**Күтілетін нәтиже:** Балықты мүсіндеу;

**Нені білу керек:** балықты мүсіндеудің орындалу тәсілін;

**Нені игерді:** ұқсатып жасауға дағдыландыру;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әзірлеген: Шн*

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 04.03.2022ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Анамызға сыйлық

**Мақсаты:** Балаларға «Ана» өлеңін оқып беріп, мазмұндау. Балалардың ананы сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.

**Әдіс-тәсілдер:** жаттау, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, қорыту.

**Билингвалды компонент:** сыйлық-подарок

**Сөздік жұмыс:** 8-наурыз, халықаралық, күннің нұры, сәбидің күлкісі, ананың ақ сүті.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** аналар мерекесі туралы суреттер, қайшы, желім, түрлі-түсті қағаздар, желім.

| Іс- әрекет<br>Кезеңдері         | Тәр иешінің іс-әрекеті   | Балалардың<br>іс-әрекеті  |
|---------------------------------|--|---|
| Мотивациялық-<br>қозғаушылық    | Аналар мерекесі бейнеленген сурет арқылы көктемнің алғашқы мерекесі – халықаралық әйелдер мерекесі туралы түсінік беру.  | Балалардың қызығушылығы оянады.   |
| Ұйымдастырушылық-<br>ізденістік | <p><b>1.Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Балалар дөңгелене тұрып, әр бала өзінің сүйікті аналары туралы ойлап, аналарының өздерін қала еркелетінін айтады.</p> <p>Енді сендер аналарыңа жақсы тілектеріңді білдіріңдер.</p> <p><b>. 2.Кіріспе бөлімі:</b></p> <p>а) Сурет бойынша жұмыс.</p> <p>Дәптердегі аналар мерекесін бейнеленген сурет арқылы түсінік беру.</p> <p>Көктемнің алғашқы мерекесі 8-наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі. Бұл сендер сияқты бүлдіршін қыздарымыздың, әпкелеріңнің, ақ жаулықты аналарыңның, әжелердің мерекесі.</p> <p>- Өмірде үш қадірлі зат бар, ол – күннің нұры, сәбидің күлкісі,</p> | <p>Мені анам:<br/>«айым, күнім,<br/>боташым,<br/>ақылдым», -<br/>дейді.</p> <p>-Ана – не деген мейірімді, не деген қасиетті жан!</p> <p>-Ана деген болашағы өмірдің!</p> <p>-Ана деген қуанышы көңілдің!</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалар зейін қойып тыңдайды.</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>ананың ақ сүті.</p> <p>- Мерекеде аналарыңа не сыйлағылырың келеді?</p> <p>Ендеше балалар анамызға арнап сыйлық дайындайық.</p> <p>-Алдымен гүлдің сабағын қоңыр түсті қағаздан қиып аламыз.</p> <p>-Жасыл түсті қағаздан жапырақтарын дайындап аламыз.</p> <p>-Түрлі түсті қағаздан алуан түрлі гүл күлтелерін қиып аламыз.</p> <p>-Соңында дайын болған қиындыларды картонға ретімен жапсырамыз.</p> <p>в) Д/о: «<b>Кімнің дауысы, табайық!</b>»</p> <p>Шарты: балалар диктофон немесе таспаға алдын ала жазылған аналарының, әжелерінің сөздерін тыңдап, даусын танып айтады.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз,<br/>Кейде оны жұлуға да қимаймыз.<br/>Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,<br/>Шын жүректен аналарға сыйлаймыз.</p> | <p>Аналарына сыйлайтын гүлдерді қиып жапсырады. .</p> <p>Балалар әжелері мен аналарының дауыстарын ажыратады.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Қорытынды:</b></p> <p>- Үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме?</p> <p>- Аналарыңа қандай сыйлық жасайсыңдар?</p>   | <p>Балалардың жауаптары тыңдалады. .</p>   |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі екенін білу керек;

**Нені игерді:** өмірде үш қадірлі зат бар екенін түсінді;

**Нені біледі:** аналарға қандай сыйлық сыйлау керектігін

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 11.03.2022ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Қол еңбегі

Тақырыбы: Гүлдер әлемі

Мақсаты: Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Билингвалды компонент: гүлдер-цветы

Сөздік жұмыс: бәйшешек, қызғалдақ, қыр.

Көрнекіліктер: көктемнің алғашқы гүлдері салынған сурет, акварель бояулар, қарындаштар, су, қылқалам, қолорамал.

| Іс-әрекет кезендері         | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс-әрекеті   |
|-----------------------------|--|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау  | Балалардың қызығушылығы оянады.   |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Жаңбыр, жаңбыр жауасың,<br/>Жанымызға дауасың.<br/>Біз ойнайтын ауланың<br/>Тазартасың ауасын.</p> <p>Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.</p> <p>Өзі сондай нәзік<br/>Су құйсаң кетеді,<br/>Алақанын жазып.</p> <p>(Гүл)</p> <p>Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.</p> <p>- Гүлдер қайда өседі?<br/>Дұрыс айтасындар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.</p> <p>- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсындар?<br/>- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.</p> | <p>Балалар тәрбиешімен бірге өленді қайталайды.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау</p> <p>-Далада, тауда, қырда.</p> <p>-Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p><b>Суретке назар аудару.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суреттен не көріп тұрсындар?</li> <li>- Мына гүлдердің аттары қандай?</li> <li>- Қызғалдақ пен бәйшешек көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады.</li> </ul> <p>Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.</li> </ul> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Шаршағанда ырғалып,<br/>Гүлге ұқсап дем алам.<br/>Қанатымды бір қағып,<br/>Гүлдей болып жайқалам.</p> | <p>- Гүлдер<br/>- Қызғалдақ,<br/>бәйшешек.</p> <p>.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p>                       |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Қорытынды:</b></p> <p>Балалардан салған суреттерін бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.</p> <p>Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.</p>  | <p>.Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі.</p> |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

**Нені игерді:** гүлдердің әдемілігіне қарай олардың иістері де хош иісті болып келетінін түсінді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете алады.

*Әзірлеген: А.С.*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Күні:** 25.03.2024ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Көлде жүзген аққу

**Мақсаты:** Балаларға көлде жүзетін құстар туралы әңгіме оқып беру. Тұзды камырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

**Билингвалды компонент:** көл-озеро, аққу-лебедь

**Сөздік жұмыс:** аққу.

**Көрнекіліктер:** Аққудың суреті.

| Іс-әрекет кезеңдері                | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті  |
|------------------------------------|---|--|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу.   | Балалардың қызығушылығы оянады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Аспан түрді түндігін<br/>Жерге сәуле жайылды.<br/>Неткен ашық күн бүгін,<br/>Қайырлы таң, қайырлы!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p>Садақша мойнын иілтіп,<br/>Көрген жанды сүйінтіп,<br/>Жүзгенде көлдің сәні өзі,<br/>Судағы құстың нәні өзі.<br/>Жердегі құстың серкесі;<br/>Көктегі құстың еркесі. (Аққу)</p> | <p>Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды.</p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау.</p> |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>Аққу атына заты сай. Өте аппақ құс болғандықтан, бұл құсты аққу дейміз. Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Бұл құс көлде жүзеді. Аққуды атуға болмайды.</p> <p><b>Мақал:</b><br/>Аққуды атпа,<br/>Досыңды сатпа.</p> <p>Қазір біз осы көлде жүзген аққу құсын ермексаздан мүсіндейміз. Алдымен бізге ақ түсті ермексаз керек. Ал, көлге көк түсті ермексазды қолданамыз.</p> <p>Жұмыстың орындалу реті түсіндіріледі.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/>Бір екі, үш,<br/>Жинап алып күш.<br/>Біз ұшамыз кептерше<br/>Қолымыз жерге жеткенше.</p> <p>Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін.</p> | <p>Мақалды жатқа айтқызу.</p> <p>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Оқу іс-әрекетті қорыту:</b><br/>Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру.</p>  | <p>Салған суреттеріне қызыға қарайды..</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жұмыстың орындалу ретін білу керек;

**Нені игерді:**

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әдіскер: Т.Т.*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Күні :** 15.04.2022ж

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Қонжық

**Мақсаты:** Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Өртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

**Билингвалды компонент:** қонжық-медвежонок

**Сөздік жұмыс:** қонжық

**Көрнекіліктер:** әңгіме желісіне сай суреттер.

| Іс-әрекет кезендері         | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті   |
|-----------------------------|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру.   | Балалардың қызығушылығы оянады.   |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Кел балалар, күлейік,<br/>Күлкіменен түлейік!<br/>Күлкі көңіл ашады»<br/>Күліп өмір сүрейік!</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:</b></p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p>Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.</p> <p>Тәтті көрсе бас салар,<br/>Айнымайды баладан. (Аю)</p> <p>Балалар үйде өмір сүретін жануарлар үй дануарлары, орманда, далада өз бетімен өмір сүретін</p> | <p>Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау</p> <p>Тыңдайды.<br/>Түсінбегендерін сұрайды.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>жануарлар жабайы аңдар. Аю да жабайы аңдарға жататынын бәріміз білеміз.</p> <p>Аюдың баласын қалай атаймыз?<br/>Демек біз қазір аюдың баласы қонжықты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қоңыр түсті матамен қонжықтың бейнесін жасаймыз.</p> <p>-қайшы алып қонжықтың бейнесін пішіп, кесіп аламыз.<br/>-ақ қағаз бетіне желіммен жапсырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Аю-маң-маң басады,<br/>Түлкі бұлаң қағады,<br/>Қасқыр ылаң салады,<br/>Қоян үркіп қашады,<br/>Күн сәулесі төгілді,<br/>Орман іші көңілді</p> | <p>Қимылмен көрсетеді.</p>  |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p><b>Қорытынды:</b><br/>Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы дайындалған жұмыстарды үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.<br/>Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту.</p>  | <p>.Балалар жақсы жасалған жұмыстарын тақтаға үлгі ретінде іледі.</p> |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жұмыстың орындалу барысын;

**Нені игерді:** қонжықты пішіп, өлшеп, кесуді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете алады.

*Әзіскер : Ая*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Күні :** 22.04.2022

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Алқаптағы гүлдер

**Мақсаты:** «Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсыру.

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.

**Билингвалды компонент:** алқап-поляна

**Сөздік жұмыс:** бәйшешек, қызғалдақ, қыр.

**Көрнекіліктер:** көктемнің алғашқы гүлдері жапсырылған суреттер.

| Іс-әрекет кезеңдері                | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті   |
|------------------------------------|---|---|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау   | Балалардың қызығушылығы оянады.   |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбері:</b></p> <p>Жаңбыр, жаңбыр жауасың,<br/>Жанымызға дауасың.<br/>Біз ойнайтын ауланың<br/>Тазартасың ауасын.</p> <p>Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.</p> <p>Өзі сондай нәзік<br/>Су құйсаң кетеді,<br/>Алақанын жазып.</p> <p align="center">(Гүл)</p> <p>Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.</p> <p>- Гүлдер қайда өседі?<br/>Дұрыс айтасындар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.</p> <p>- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсындар?<br/>- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.</p> <p><b>Суретке назар аудару.</b></p> | <p>Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау</p> <p>-Далада, тауда, қырда.</p> <p>-Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.</p> |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>- Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br/>         - Мына гүлдердің аттары қандай?<br/>         -Қызғалдақ пен бәйшешек<br/>         көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің<br/>         әдемілігіне қарай иістері де хош иісті<br/>         болады.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Шаршағанда ырғалып,<br/>         Гүлге ұқсап дем алам.<br/>         Қанатымды бір қағып,<br/>         Гүлдей болып жайқалам.</p> <p>Демек біз алдымыздағы кеуіп<br/>         тұрған гүлдерді ақ қағазға<br/>         жапсырамыз. Міне, алқаптағы гүлдер<br/>         де жапсырылып дайын болды.</p> | <p>-Гүлдер<br/>         -Қызғалдақ,<br/>         бәйшешек.</p> <p>.</p> <p>Қимылмен<br/>         көрсетеді.</p>  |
| <p><b>Рефлексиялық-<br/>         түзетушілік</b></p> | <p><b>Қорытынды:</b><br/>         Балалардан жасаған жұмыстарын<br/>         бір-біріне көрсетіп, талдауларын<br/>         және достарының еңбектерін<br/>         бағалап, жақсы жапсырылған<br/>         суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің<br/>         ілулерін сұрау.<br/>         Барлық балаларды мақтау сөздерін<br/>         айтып қуанту.</p>  | <p>.Балалар салған<br/>         суреттеріне<br/>         талдау жасайды,<br/>         жақсы салынған<br/>         суреттерді<br/>         тақтаға үлгі<br/>         ретінде іледі.</p> |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;

**Нені игерді:** кептірілген гүлдерден жұмыс жасауды;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете алады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні : 29.04.2022 ж.

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Қол еңбегі

Тақырыбы: Құстар

**Мақсаты:** Балаларға «Құстар» туралы ертегі әңгімелер оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.

**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру, бекіту.

**Билингвалды компонент:** құстар-птицы

**Көрнекіліктер:** құстар бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

| Іс- әрекет кезеңдері        | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті  |
|-----------------------------|---|--|
| Мотивациялық-қозғаушылық    | Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.  | Балалардың қызығушылықтары артады.   |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br>- Өз жерімізде қандай құстар кездеседі?<br>- Қандай құстардың түрлерін білесіңдер? Олар табиғатты неден қорғайды?<br>Өте дұрыс айттыңдар. Құстар да табиғаттың бір бөлігі.<br>Құстардың дене құрылысына сипаттама берейік.<br>- Қане, құстар туралы қайсың өлең білесіңдер.<br>Бүгін біз құстардың суретін саламыз. Жұмыс дәптеріндегі құстардың суретін салу ретін таныстырып өтейін. Дөңгелек және сопақша пішіндердің | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың Жауаптары тыңдалады.<br><br>Білетін өлеңдерін айтады. |

көмегімен сурет салу тәсілін еске түсіру. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз.

Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.

Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.

Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.

Құстың суретін бояймыз.

Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады.

Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек.

Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз.

Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.

Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.

Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.

Құстың суретін бояймыз.

Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады.

Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек.

Сергіту сәті:

Қане қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық,

Ұшып-ұшып алайық, орнымызға

Құстардың суретін салу ретімен танысады.

|                                      |  |  |
|--------------------------------------|--|--|
|                                      | қонайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық, торғай<br>болып қонайық,<br>Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ<br>боп шоқиық. | Қимылмен<br>көрсетеді.                             |
| <b>Рефлексиялық-<br/>түзетушілік</b> | Балалардың ең жақсы, таза,<br>ұқыпты орындалған суреттеріне<br>назар аударып, сипаттама беру.              | Балалар салған<br>суреттеріне<br>сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** құстарды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** құстар туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

*Әзірлеуші: А.А.*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

Күні : 06.05.2022ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу қызметі: Қол еңбегі

Тақырыбы: Жаңбыр

**Мақсаты:** Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балаларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. «Жаңбырдың» суретін саусақ арқылы салу.

**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.

**Билингвалды компонент:** жаңбыр-дождь

**Көрнекіліктер:** жаңбыр бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

| <b>Іс- әрекет кезеңдері</b>        | <b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>  | <b>Балалардың іс-әрекеті</b>  |
|------------------------------------|--|---|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу.   | Балалардың қызығушылықтары артады.                                      |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <b>Шаттық шеңбер:</b><br><br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br><br><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:</b><br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Жылдың үш мезгілінде де жаңбыр жауады. Өздерінде білесіңдер көктем мен күзде жаңбыр жиі-жиі жауады. Жаңбырдың мынандай түрлері болады, ақжауын, нөсер жауын, өткінші жауын. Ақжауын | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады. |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  | <p>тоқтаусыз жауатын жаңбыр.<br/>Нөсер жауын құйып жауады.<br/>Өткінші жауын күн шығып тұрады, соның өзінде жауын жауып өтеді.</p> <p>Бүгін біз жаңбыр тамшысының суретін көк түсті гуашь бояуымен саламыз. Ең алдымен бояуға саусағымызды малып, қағаз бетіне бастырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Боран соқты гу-гу,<br/>Найзағай жарқылдады топ-топ,<br/>Жаңбыр жауды тырс-тырс,<br/>Күн ашылды.</p> <p>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.</p> | <p>Жаңбырдың суретін салу ретімен танысады.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p>Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.</p>   | <p>Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.</p>                        |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жаңбырды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жаңбыр туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

*Әзіскер: АС*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Күні:** 13.05.2024

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Шалғын шөптер

**Мақсаты:** Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.

**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.

**Билингвалды компонент:** шөп-трава

**Сөздік жұмыс:** шалғын

**Көрнекіліктер:** шалғын шөп бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім

| <b>Іс- әрекет кезеңдері</b>        | <b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>  | <b>Балалардың іс-әрекеті</b>  |
|------------------------------------|--|---|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.   | Балалардың қызығушылықтары артады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <b>Шаттық шеңбер:</b><br><br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br><br><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:</b><br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балалар келіндер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіндерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде өздеріне шаңды жұтып, ауаны тазартып тұрады. | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Балалар терезеден қарап, айналаға көз жүгіртеді. |

|  |   |  |
|--|---|--|
|  | <p>Қане, балалар енді біз «Шалғын шөптердің» суретін саламыз. Шөпті ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/>Тербеледі ағаштар,<br/>Алдымнан жел еседі.<br/>Кіп-кішкентай балалар,<br/>Үп-үлкен болып өседі.</p> <p>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.</p> | <p>Жасыл түсті қағазды жырту әдісі арқылы ақ қағазға шалған шөптің бейнесін жапсырамыз.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p>Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.</p>  | <p>Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.</p>  |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** шалғын шөпті бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әдіскер: А.Н.*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Күні:** 20.05.2022.

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Жайлауда

**Мақсаты:** Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әр түрлі заттардан бейнелеп жасау.

**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.

**Билингвалды компонент:** жайлау-джайлау

**Сөздік жұмыс:** шалғын

**Көрнекіліктер:** жайлау бейнеленген сурет.

| Іс- әрекет кезеңдері               | Тәрбиешінің іс-әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті   |
|------------------------------------|---|---|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.  | Балалардың қызығушылықтары артады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбер:</b></p> <p>Жайқалып жапырақ,<br/>Құлпырып қызғалдақ,<br/>Тұратын көз тартып,<br/>Жаз келді күн шуақ.</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:</b></p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p>Күндер ысып, шөп пісіп,<br/>Ел пішенін орады.<br/>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br/>Бұл қай кезде болады? (Жазда)</p> <p>Жаз мезгілі ең қызықты кезең.<br/>Жазда күн ыстық болады. Балалар жазғы демалысқа шығалы суға</p> | <p>Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.</p> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>шомылып, демалатын орындарға барады, кейбір балалар жайлауға ата-әжелеріне барады. Жайлаудың шөбі шалғын, ауасы өте таза және салқын болады.</p> <p>Бүгін жайлауды қол еңбегі арқылы әртүрлі табиғи және керексіз және түрлі түсті картонмен бейнелеп жасаймыз.</p> <p>Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтемін, мұқият тыңдаңдар.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/> Жаз келіпті дегенше,<br/> Алма пісті дегейсің.<br/> Бағымызда ендеше<br/> Алма тарту көбейсін.<br/> Жаз келіпті дегенше,<br/> Қарбыз пісті дегейсің,<br/> Бақшамызда ендеше<br/> Қарбыз жинау көбейсін.</p> <p>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.</p> | <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p>Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.</p>   | <p>Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.</p>               |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жайлауды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

*Әдіскер: [Signature]*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Күні :** 27.05.2022жыл

**Білім саласы:** «Вариативтік компонент»

**Оқу қызметі:** Қол еңбегі

**Тақырыбы:** Көрме ұйымдастыру

**Мақсаты:** Жыл бойы жақсы жасалған жұмыстардан ата-аналарға арнап көрме ұйымдастыру.

**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.:

**Көрнекіліктер:** жайлау бейнеленген сурет.

| <b>Іс- әрекет кезеңдері</b>        | <b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>  | <b>Балалардың іс-әрекеті</b>  |
|------------------------------------|--|---|
| <b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>    | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу.   | Балалардың қызығушылықтары артады.  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | <p><b>Шаттық шеңбер:</b></p> <p>Жайқалып жапырақ,<br/>Құлпырып қызғалдақ,<br/>Тұратын көз тартып,<br/>Жаз келді күн шуақ.</p> <p><b>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:</b></p> <p>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br/>Ай аттарын сұрау.<br/>Апта күндерін атау.<br/>Ауа райын бақылау.</p> <p>Жыл бойы қандай қол еңбегін жасадық? Ең бірінші «Ұшақ», «Аққулар», «Сиыр», «Паравоз», «Әтеш пен бақа», «Алтын балық», «Қайық», «Қашқаргүл», «Арыстан», «Аққала», «Үйрек», «Түймедақ», «Қысқы киім», «Тасбақаның суретін саламыз», «Досыма сыйлық», «Қалампыр», «Тату жанұя», «Қоңырау гүлдер», «Молшылық, береке», «Бақа», «Қаздың балапаны», «Бақ-бақ», «Балықтар» «Анамызға сыйлық»</p> | <p>Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.</p> <p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p> <p>Шешуін табу, есте сақтау.</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>«Гүлдер әлемі», «Орманда», «Көлде жүзгенаққу», «Қайықша», «Қонжық», «Алқаптағы гүлдер» «Құстар», «Жаңбыр», «Шалғын шөптер».</p> <p>Осы жасаған жұмыстарымыздан ата-аналарға көрме ұйымдастырамыз.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b><br/> Жаз келіпті дегенше,<br/> Алма пісті дегейсің.<br/> Бағымызда ендеше<br/> Алма тарту көбейсін.<br/> Жаз келіпті дегенше,<br/> Қарбыз пісті дегейсің,<br/> Бақшамызда ендеше<br/> Қарбыз жинау көбейсін.</p> <p>Балалардың жұмыстарының ордалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді.</p> | <p>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.</p> <p>Қимылмен көрсетеді.</p> |
| <p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p> | <p>Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру.</p>   | <p>Балалар салған суреттеріне сипаттама береді.</p>               |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жайлауды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.